



world skills

ФЛОРИСТИКА

**БАЙҚАУ
ЕРЕЖЕСІ**

Астана2024 ж

«КЕЛІСІЛДІ»

Бас сарапшы

 Шаймерденова А.Т.

2024 ж. « » _____



Қ. С.Сенғазиев

«Флористика» құзыреттілігі бойынша техникалық және кәсіптік білім беру колледждерінің 16-22 жас аралығындағы студенттеріне арналған «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатын Астана қаласының білім басқармасы өткізеді.
- 1.2. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатының ұйымдастырушылары Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК болып табылады.
- 1.3. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты сапаны бағалау арқылы нақты тапсырмаларды орындауды көздейтін жарыс болып табылады.
- 1.4. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласының колледждерінің студенттері арасында өткізіледі.

2. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты флорист мамандығының беделін арттыру мақсатында Астана қаласы студенттерінің арасында өткізіледі.
- 2.2. Болашақ маманның құзыреттілігін дамыту, практикалық дағдыларды арттыруға көмек көрсету.
- 2.3. Кадрларды даярлау, олардың біліктілігін және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға жұмыс берушілердің қызығушылығын арттыру.
- 2.4. Республикалық конкурсқа қатысуға үміткерлерді анықтау.
- 2.5. Жұмыс берушілерді өзара ынтымақтастыққа тарту.

3. ӨТКІЗУ ОРНЫ МЕН МЕРЗІМІ

- 3.1. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі 19, Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК мекенжайы бойынша 2024 жылғы 16 мамырдан бастап 28 мамырға дейін өткізіледі.
- 3.2. Өтінімдерді (№1 қосымша) Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК 2024 жылғы 10 наурызға дейін wsk2021nursultan@mail.ru эл.пошта бойынша қабылдайды.

4. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

- 4.1. «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына «Флористика» құзыреттілігі бойынша студенттер мен 22 жасқа дейінгі қала кәсіпорындарының жас мамандары қатысады.
- 4.2. Әрбір оқу орны немесе кәсіпорын өңірлік чемпионат сарапшыларының қатарына кіретін осы құзыреттілік бойынша ілесіп жүретін бір маманды (сарапшыны) бөледі.

5. ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТҚА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1. Қатысушылардың жасы-22 жастан аспау қажет.
- 5.2. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты жеке біріншілік болып табылады.
- 5.3. Чемпионат қатысушысына міндетті талап - флористикалық дағдығаларға ие болу.
- 5.4. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына қатысушыны ұйымдастырушылар барлық қажетті құралдармен қамтамасыз етеді.
- 5.5. Чемпионат қатысушының нөмірі жеребе арқылы анықталады және жұмыс орнының нөміріне сәйкес келеді.
- 5.6. Әрбір қатысушының өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті.
- 5.7. Чемпионаттың барлық қатысушылары мен сарапшылар қауіпсіздік техникасын және еңбекті қорғау ережелерін сақтауға міндетті (№2 қосымша). Қатысушының техника қауіпсіздігі мен ережелерін сақтамауы ұпайын төмендетеді. Қауіпсіздік стандарттарын ұдайы бұзу сайыскерді чемпионатқа қатысудан уақытша немесе біржола шеттетуге әкелуі мүмкін.

6. «ФЛОРИСТИКА» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БОЙЫНША «WORLD SKILLS ASTANA 2024» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

- 6.1. «Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты сипаттамасы мен бағалау критерийлері жарыс басталғанға дейін бір ай бұрын берілетін үш модуль бойынша тапсырмаларды орындауды қамтиды.
- 6.2. Егер конкурсқа қатысушы қауіпсіздік техникасы талаптарын орындамаса, өзіне немесе басқа да конкурсқа қатысушыларға қауіп төндірсе, мұндай қатысушы конкурстан шеттетілуі мүмкін.
- 6.3. Чемпионат сарапшылары саланың тәжірибелі мамандары мен кәсіпқойлары және компатриот-сарапшылар қатарынан бекітіледі.
- 6.4. Қатысушының ережені бұзуы ұпайларын төмендетумен жазаланады.
- 6.5. Жұмысты орындау кезінде ұялы телефонды пайдалануға тыйым салынады.
- 6.6. Практикалық тапсырмаларды орындау уақыты 3 (үш) конкурстық күн.

7. «ФЛОРИСТИКА» ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ БОЙЫНША «WORLD SKILLS ASTANA 2024» ҚАЛАЛЫҚ ЧЕМПИОНАТЫН ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

- 7.1. Чемпионаттың нәтижелері CIS хаттамасының және оған негізделген сарапшылар хаттамасының негізінде анықталады.
- 7.2. Орындалған жарыс тапсырмаларының қорытынды көрсеткіштерін Чемпионатты ұйымдастыру комитеті бекіткен әзірленген бағалау критерийлеріне сәйкес сарапшылар анықтайды.
- 7.3. Жиынтық хаттаманың шешімі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық Чемпионатының «Флористика» шеберлігі бойынша жеңімпаздары (1, 2 және 3 орын) анықталды.
- 7.4. Номинациялар бойынша қарастырылған марапаттау:
бірінші орын-алтын жүлдегер;
екінші орын-күміс жүлдегер;
үшінші орын-кола жүлдегер.

Медаль немесе ерекше марапат алмаған кез келген қатысушы «WorldSkills Astana 2024» қалалық Чемпионатына қатысқаны туралы Сертификат алады

№1 қосымша

«Флористика» құзыреттілігі бойынша чемпионатқа қатысу үшін өтінімдер үлгі бойынша 2024 жылғы 10 наурызға дейін қабылданады:

«WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионаты
«Флористика» құзыреттілігі бойынша қатысушылар мен сарапшылардың тізімі

№р/с	Аты-жөні Туған жылы	Мекеме, қатысушы	Жұмыс орны, лауазымы/ оқу орны	Электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі	Жетекші

Біздің мекен-жайымыз: Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі, 19, Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК., эл.пошта wsk2021nursultan@mail.ru.

№2 қосымша

«Флористика» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Astana 2024» қалалық чемпионатына қатысушылардың жұмыс орнында еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық
Хаттамасы

№ р/с	Қатысушының/ сарапшының аты-жөні	Нұсқау берілетін қатысушының/сарап шының қолы	Нұсқау беруші техникалық сарапшының аты-жөні	Нұсқаушының қолы